

«Масс медианың өзекті концепциялары» пәнінің емтихан сұрақтары 2025

1 билет

- 1.Масс-медиа және бұқаралық коммуникация саласының әлеуметтік сипаты мен артықшылықтары қоғамдық даму негізінде үрдістеледі дегенді жазбаша айтыңыз.**
- 2. Адамзат өмірінде болып жатқан өзгерістердің тоқтаусыз айналымы масс медиа, коммуникациялық ақпарат құралдарының идеялық құрылымдарымен тікелей байланысты деген мәселеде не айтар едіңіз? Жазбаша түсіндіріңіз.**
- 3.Масс медиалық қатысым аралас мәдениетін тудырады. Оның ықпалы адамзат өміріндегі құбылыстарды жан жақты таразылап, құрытынды шешім шығаруына мүмкіндік береді деген ойдың маңызын жазбаша көрсетіңіз.**

2 билет

- 1.Білім мен ғылым жетістігін масс медиа құралдарын пайдалану арқылы ұлттық тілде өркендету. Бұл құндылық ережесі ретінде сауаттылық деңгейді көтеріп, халықтық дәрежесіне айналуы тиіс деген мәселені жазбаша айқындаңыз.**
- 2.Масс медиа ұлттық идеяның басшылығында және бірнеше идеялардың тұтастығы жалпы әлеуметтік, мемлекеттік өндірістік және экономикалық өзгерістердің артықшылықтарын тудырады деген ойды қалай дамытып жазыңыз.**
- 3.Масс медиалық дамудың жоғарғы сатысы мәдени дүниетаным және креативті ойлау мен технологиялық, әдістемелік аспектілердің жиынтығын тудырады деген сұрақты жазбаша түсіндіріңіз.**

3 билет

- 1.Масс медиа жаңа бетбұрыстар мен ұсыныстардың талқысындағы күн тәртібіндегі рухани шикізат (ресурс). Оған назар аударушылардың тарапынан қауымдастық көзқарастар мен идеялық тартылыстар күшейеді деген ой тұжырымдарды жазбаша бағамдаңыз.**
- 2. Масс медиа ақпараттық деректер мен мәліметтерді жедел жинастырып, саралау қарастыру конвенциясы (келісу) ойластырылып, мәдени алыс, берістің қайырымын табу көзделді. Бұл масс медианың мәдени құндылықтарының бірі дегенді жазбаша түсіндіріңіз.**

3. Тәжірибеде когнитивті оқытудағы басты лингвистикалық бірлік – концепт. Концепт– оқыту, үйрету дүниенің құндылықтарын таныту мағынасында. Осы орайда, мерзімді баспасөз беттеріндегі құнды, деректі жарияланымдарды атап, жазбаша түсіндіріңіз.

4 билет

1.Бүгінгі таңда масс медиа әлеуметтік институт. Саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, спорт, өнер, кино, денсаулық сақтау және білім беру салаларындағы барлық қамтылған мәселелерді жұртшылық назарына ұсынатын да, қандай да бір ғылыми жаңалықтар мен жетістіктерді көпшілікке таныстырып жеткізетін де әмбебап құрал. Мысал келтіріп жазыңыз.

2.БАҚ-тың қызметі қоғамдық - гуманитарлықтан жаратылыстану ғылымдарына дейінгі танымдық хабарларды дайындап, таратуынан көрінеді. Осы мәселеде телеарна, радио, газет, журналдардың рөлі жөнінде мысал келтіріп жазыңыз.

3.Тіл – адамның танымдық парадигмасы. Оның қоғамдық гуманитарлық ғылыми лингвистикалық ерекшеліктері – әлеуметтік қарым қатынас туралы ғылым деген мәселе төңірегінде жазбаша ой толғаңыз.

5 билет

1.Медианың эстетикалық тәжірибесі мен ерекшелігі – медиасауаттылық. Бейнелерді (образдарды),ақпараттық дыбыстарды және хабарламаларды алу, талдап-сараптау және бағалау қабілеті, сонымен қатар медиа әлемде жеке мақсаттарда дұрыс байланыс орнату қабілеті. Жазбаша орындаңыз.

2.Масс медианың өзекті концепциялары тақырыбына танымдылық пен креативтіліктің жаһандық тәсілі және адамның жеке дара ойлау қабілетін дамытып, белсенділігін, сенімділігін, ынта жігерін арттыру насихатының методикасы дегенді жазбаша түсіндіріңіз.

3. Масс медиа жаһандық және ақпараттық қоғамдастық идеялар бірлестігі мен қоғамдық даму үрдісі дегенімізді, ақпарат күнделікті рухани шикізат деген ғалымдардың ой тұжырымын жазбаша түсіндіріңіз.

6 билет

1.Қоғамдық құрылымның атқару функциясы мен қызмет түрлерінің қаншалықты мемлекеттік, халықтық маңыздылығын үнемі қадағалай, сараптай алған кәсіби медиалық коммуникациялардың деңгейі мен тәжірибесі туралы мысал келтіріп жазыңыз.

2.Адамзат қоғамы өркендеген сайын оның таным білімі, ой өрісі арта түсуіне масс медианың моделдік денотаттарының әсері мен бейімін талдап, жазбаша жазыңыз.

3.Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза еңбектеріндегі ұлттық концептілер денотат бояуларының және ақпараттық тарихи құнды нақышытарын мысалмен жазбаша дәлелдеңіз.

7 Билет

1. Адам негізгі тұлға ретінде кез келген ақпараттық, тұрмыстық өмір сипатының саналы нысаны. Ақпараттық сананың өрбуі, қоғамдық қозғалыстардың даму сатыларымен ілгерілеп, қалыптасып, моралдық және рухани мәдениетімен, қарым қатынас дәстүрімен ұштасып жатады. Жазбаша түсіндіріңіз.

2. Медиа білім сауаттылықтың, яғни, педагогикалық тәлім берудің құралдық ресурстарынан тұрады. Осыған сәйкес, масс медиа – қарым қатынас өнерінің түрлі технологиясының кешенді қолданылуы, машығы мен дүниетанымдылығы деген ойды жазбаша түсіндіріңіз.

3. Масс медианың практикалық мазмұны – ғылым, білімнің жаңарып, өзгеріске еніп отыруына орай, қарама қайшылықтарға қарамастан адамның өзіне деген өзгеріс нышанын сезінуі мен прогрессивтілік, белсенділігін оятады. Жазбаша орындаңыз.

8 билет

1. Масс медиа қоғамдық және мемлекеттік идеологиялық мораль. Осы идея төңірегінде келешекке үлгі бағыт ұсынатын рухани технологиялық құрал.

2. Масс медианың жаңа стандарттардың, мотивацияның, мінез құлық моделінің қалыптасуына әсері, қоғамдық санаға, руханиятқа, сауаттылыққа, медиабілімге, дәстүрге ықпал медиакүзиреттілігі дегенді жазбаша орындаңыз.

3. Масс медиалық білім берудің философиялық, психологиялық әдіснамалық негіздерін және оның мазмұндық аспектілері дегенді мысалмен жазбаша орындаңыз.

9 билет

1. Қазіргі қоғамда адамдардың күнделікті тұтыну құралына айналған смартфон, айфон жаңа цифрлық әлеуметтік медиа деп қабылданады. Бұл қоғамдық өмірге етене араласу және өзіндік пікір аймағы деген мәселені жазбаша орындаңыз.

2. Масс медиа – медиабілім. Ақпараттық оқыту үрдісі визуалды фотобейне, бейнелеу, кино, медиа, интерактивті теориялық мәдениеттілік күзиреті деген ғалымдардың тұжырымдарына жазбаша талдау пікіріңізді дәлелмен келтіріңіз.

3. Масс медиалық білім магистратурасы – идеялық ақпараттық сауаттылық. Бұл бағыт:

1. Медиа білім беру бойынша зерттеулер жүргізу;
2. Ғылыми конференциялар, семинар дәрістерін ұйымдастыру;
3. Электронды білім беру ресурстарын жасақтау, мақсатында ой жоспар, ұсыныстарыңызды жазбаша бөлісіңіз.

10 билет

1. Масс медиа – әлеуметтік идеялар интеграциясы және қоғамдық рухани, моралдық бейімдер мен әлеуметтік күрделі психологиялық қатынастардың теориясы деген тақырыпты жазбаша түсіндіріңіз.

2. Ақпараттық мәдениет жаңаша ойлау мен тың үрдістердің туындысы, үздіксіз білім алу мен ақпараттық кеңістіктің ағынымен өзектесу және әлеуметтік идеялар интеграциясы деген мәселеде жазбаша ой қозғаңыз.

3. Медиабілім базасы – ойлау, жазу, айту, сөз қолданысы мәдениеті мен экрандық, мінберлік, сахналық өнер тілін игеру, тұлғалық мәдениет қалыптастыру – масс медиалық өндірістік және ақпараттық өмір тәжірибесі деген тақырыпты жазбаша орындаңыз.